

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы "Қазақстанның салалық бәсекеге қабілеттілігі: Бәсекеге қабілеттілікті арттыру және Қазақстан Республикасындағы юниор компаниялар нарығының дамуын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану саласына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту" жобасын іске асыру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1155 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы «Қазақстанның салалық бәсекеге қабілеттілігі: Бәсекеге қабілеттілікті арттыру және Қазақстан Республикасындағы юниор компаниялар нарығының дамуын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану саласына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту» жобасын іске асыру туралы келісімнің ж о б а с ы ма қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы «Қазақстанның салалық бәсекеге қабілеттілігі: Бәсекеге қабілеттілікті арттыру және Қазақстан Республикасындағы юниор компаниялар нарығының дамуын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану саласына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту» жобасын іске асыру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>К.Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 4	ж ы л ғ ы	3 0
№	1 1 5 5	қ а з а н д а ғ ы
	қ а у л ы с ы м е н	
мақұлданған		
Жоба		

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы «Қазақстанның салалық бәсекеге қабілеттілігі: Бәсекеге қабілеттілікті арттыру

және Қазақстан Республикасындағы юниор компаниялар нарығының дамуын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану саласына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту» жобасын іске асыру туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі «Тараптар» және жеке алғанда «Тарап» деп аталатын) төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің мәні

1. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) «Қазақстанның салалық бәсекеге қабілеттілігі: Бәсекеге қабілеттілікті арттыру және Қазақстан Республикасындағы юниор компаниялар нарығының дамуын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану саласына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту» жобасын (бұдан әрі - жоба) іске асырады.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаны қаржыландыруға келіседі.

2-бап

Қаржыландыру бюджеті мен тетігі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаны іске асыруды жалпы сомасы 1 400 000 (бір миллион төрт жүз мың) евроға қаржыландырады.
2. Жоба мерзімінің ұзақтығы осы Келісімге қол қойылған күнінен бастап немесе осы Келісім шеңберінде Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін, қайсысы бұрын туындайтынына байланысты 18 айды құрайды.
3. ЭЫДҰ-ның 2014 жылдан кейінгі кез келген одан әрі қызметі ЭЫДҰ Кеңесінің 2015 - 2016 жылдарға арналған ЭЫДҰ жұмысы және бюджеті бағдарламасына енгізуіне жатады. ЭЫДҰ-ның Жаһандық байланыстар хатшылығы осы Келісімнің мәні болып табылатын қызметті 2015 - 2016 жылдарға арналған ЭЫДҰ ЖББ-ға енгізу жөнінде ұсыныс енгізуге ниет білдіруде. Осы жарнамен қаржыландыратын қызмет ЭЫДҰ-ның 2015 - 2016 жылдарға арналған жұмысы және бюджеті бағдарламасына енгізілмеген жағдайда, ЭЫДҰ жұмысты тоқтатуы мүмкін және Қазақстан Республикасының Үкіметімен консультациядан кейін осы Келісімнің қолданысын тоқтауы мүмкін. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ көтерген немесе осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған күнге дейін олар бойынша ЭЫДҰ міндеттемелер қабылдаған шығыстарды өтеуге келіседі.
4. Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаны іске асыру бойынша шығыстарды

өтеуге 1 400 000 (бір миллион төрт жүз мың) евроны ЭЫДҰ-ның шотына төлеуге келісті. Салым екі жарнамен төленеді, атап айтқанда: 894 664 (сегіз жүз тоқсан төрт мың алты жүз алпыс төрт) евро сомасындағы бірінші жарна осы Келісімге қол қойылғаннан кейін және ЭЫДҰ-дан төлеуге тиісті төлем шоты алынғаннан кейін енгізіледі; 505 336 (бес жүз бес мың үш жүз отыз алты) евро сомасындағы екінші жарна жобаны іске асырудың бірінші жылында жасалған жұмыс туралы есеп және қаржылық есеп алынғаннан кейін ЭЫДҰ-ден төлеуге тиісті төлем шоты алынғаннан кейін төленетін болады.

5. ЭЫДҰ осы салымды өз қаржылық регламентіне, сондай-ақ грантты әкімшілендіру үшін 5,3 % мөлшеріндегі алымды көздейтін басқа да тиісті қағидаларға, әдістерге және рәсімдерге сәйкес басқарады. Шығыстар ЭЫДҰ-ның есептік құжаттамасында бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қабылданған халықаралық қағидаттарына сәйкес көрсетіледі.

3-бап

Іске асыру тәртібі

1. ЭЫДҰ жобаны қоса берілген ұсынысқа сәйкес орындайды.

2. ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне әрбір тоқсанның қорытындылары бойынша атқарылған жұмыстарды сипаттайтын қысқартылған есеп нысанында, сондай-ақ әрбір жылдың аяқталуына қарай үш ай ішінде есеп тапсырады.

3. Жобаны іске асыру аяқталған соң ЭЫДҰ алты ай ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне атқарылған жұмыс туралы қорытынды есеп тапсырады.

4. Әрбір жыл аяқталған сайын ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар туралы ЭЫДҰ-ның Бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы қаржылардың алынғанын растайтын банктік шоттан көшірмелерді және жүргізілген шығыстарды растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып, өзі куәландырған және қол қойған жылдық қаржылық есеп тапсырады. Қаржылық есептер есепті кезеңнен кейінгі үш ай мерзім ішінде тапсырылады.

5. Жобаны іске асыру аяқталған соң ЭЫДҰ алты ай ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар туралы қорытынды қаржылық есептілікті ұсынады.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық есептілікті беру туралы талаптардың ЭЫДҰ-ның есептілікті берудің стандартты нысанына сәйкес дайындалған, шығындар туралы есеп берілген кезде орындалды деп есептелетінімен келіседі.

4-бап

Ақпарат алмасу

Тараптар біріне-бірі жәрдем көрсетеді және жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алмасады.

Тараптар арасындағы кез келген хабарламалармен алмасу үшін мынадай байланыс ақпараты пайдаланылады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:
010000 Қазақстан, Астана қ., Сол жағалау, Үкімет үйі,
телефон: +7(7172) 74-50-19, факс: + 7(7172) 74-58-70.

Э Й Д Ұ :

Еуразия елдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі ЭЫДҰ бағдарламасы (DAF/PSD), Жаһандық байланыстар хатшылығы,
Назарына: Е Да Прати
2, Андре Паскаль көш., 75775, Париж қ., Седекс 16, Франция
(2 rue Andre Pascal 75775, Pariz, Cedex 16, France),
телефон: +7 (10) 33 1 45 24 82 00, факс: +7 (10) 33 1 45 24 85 00.
эл.адрес: elisabetta.daprati@oecd.org

5-бап

Жобаның нәтижелерін пайдалану

1. Үшінші тұлғалардың құқықтарын, сондай-ақ ЭЫДҰ-ның құжаттарды құпияландыру және құпиясыздандыру саласындағы қағидалары мен саясаттын сақтай отырып, ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне кез келген, оның ішінде цифрлық нысанда пайдалануға, жаңғыртуға, кез келген үкіметтік коммерциялық емес мақсаттар үшін жоба бойынша түпкілікті есепті таратуға арналған айрықша емес қайтарып алынбайтын және бүкіл дүние жүзінде қолданылатын лицензияны береді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған жағдайда ЭЫДҰ-ның авторлық құқығын әрқашан тиісті түрде растауға міндетті.

3. ЭЫДҰ мұндай жарияланымның тіліне және нысанына қарамастан түпкілікті есепті бірінші жариялау құқығын сақтайды. Жобаның нәтижелеріне, оның ішінде есепке құқықтар ЭЫДҰ-ға тиесілі болады. ЭЫДҰ-ға жоба барысында берілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген деректер және ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігінде қала береді. ЭЫДҰ өзінің есебін дайындау мақсатында және жобаны іске асыру үшін барынша жалпы жоспарда көрсетілген деректер мен ақпаратты пайдалануға және/немесе енгізуге құқылы.

4. ЭЫДҰ жарияланым қағидаларына сәйкес түпкілікті есепте Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобаға салымы туралы ескертпені қамтиды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің рәмізі жарияланым мұқабасының кері жағында, не жарияланым ішінде жоғарыда аталған растаумен қатар қойылады.

6-бап

Дауларды реттеу

Осы Келісімнің қолданылуын, заңдық күшін немесе тоқтатылуын қоса алғанда, одан туындайтын немесе оны түсіндіруге, қолдануға немесе орындауға байланысты бейбіт жолмен реттеуге мүмкін болмайтын кез келген дау, келіспеушілік немесе наразылықтар осы Келісім жасалған кезде қолданыстағы халықаралық ұйымдардың және мемлекеттердің қатысуымен Аралық соттың тұрақты палатасының төрелік регламентіне сәйкес төрелікте шешіледі. Төрешілер саны — бір. Төреші Тараптардың өзара келісімі бойынша таңдалады немесе істі арбитражда қарау туралы өтініш алынғаннан бастап үш ай ішінде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, төреші кез келген Тараптың өтініші бойынша жоғарыда көрсетілген регламентке сәйкес тағайындалады.

Іс Францияда, Парижде қаралады және барлық процестер мен құжаттар ағылшын тілінде жүргізіледі.

7-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын, жеке қосымша келісімдерді ресімдеу арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Күшіне енуі

Осы Келісім екі Тарап оған қол қойған сәтте күшіне енеді және екі Тарап одан туындайтын барлық міндеттемелерді орындағанға дейін қолданылатын болады.

Әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар басқа нұсқаларға қарағанда басым күшке ие болатын ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
Әсет Өрентайұлы Исекешев*

*Маркос Бонтури
Жаһандық байланыс бөлімінің
директоры,*

Экономикалық ынтымақтастық

және даму ұйымы

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі

Қолы:.....

Қолы:.....

Күні:.....

Күні:.....

Э н т о н и

Д ж .

Р о т т и е р

А т қ а р у ш ы

д и р е к т о р ,

Э к о н о м и к а л ы қ

ы н т ы м а қ т а с т ы қ

және даму ұйымы

Қ о л ы :

Күні:.....